

**Жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдары және
колледж оқушылары арасында
Жеңістің 70 жылдығына арналған «Біздің Жеңіс!» тақырыбындағы
Республикалық сырттай байқауын өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер Жеңістің 70 жылдығына арналған «Біздің Жеңіс!» тақырыбындағы Республикалық сырттай байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

Мақсаты – өскелең ұрпақ арасындағы патриоттық тәрбие жұмысының маңыздылығын көтеру, білім алушылардың азаматтық-патриоттық және рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, Отан қорғаушыларды құрметтеу және отандастардың өшпес ерліктерін қастерлеу.

Міндеттері:

білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
әскери жанкешті жылдардағы тарихи білімдерді насихаттау және көпшілікке тарату;

батырлар тарихын және Еліміздің даңқын насихаттау;
сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстын белсендіру.

2. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

3. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

4. Байқау **2015 жылғы 30 наурызы мен 2015 жылғы 30 сәуір** аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

5. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2015 жылғы 30 сәуірге дейін [spo.rumcdo@mail.ru](mailto:rumcdo@mail.ru) электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8(7172)249303.

6. 2015 жылғы 30 сәуірден кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды.

7. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

8. Байқауға қатысу үшін **1000 (бір мың) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ91856000005068448

БИК КСЖВКЗКХ

БИН 990140004733

Кбе 16.

Төлемақы мақсатының коды – 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақының мақсаты: «Біздің Жеңіс!» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, spo.rumcdo@mail.ru электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

9. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау 2015 жылғы 6 мамырда жүргізіледі.

1. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар

10. Байқауға ұсынылған материалдар байқаудың тақырыбына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

11. Байқауға жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдары және колледж оқушылары келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

Кіші – 8-10 жас;

Орта – 11-14 жас;

Жоғары – 15-17 жас.

12. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

«Жеңістің өшпес сәттері» номинациясы (ҰОС Жеңістің 70 жылдығына арналған бейнефильм) ;

«Сол күндердің ұмытылмас даңқы» номинациясы (Ұлы Отан соғысындағы естелік күндер туралы күнтізбе – презентация)

13. Келесі талаптарға сәйкес байқау жұмыстары қабылданады:

1. «Жеңістің өшпес сәттері» номинациясы (ҰОС Жеңістің 70 жылдығына арналған бейнефильм):

Ұзақтылығы: бейнебаян – 20 секундтан 3 минутқа дейін;

қысқаметражды фильм – 5 минутқа дейін.

Техникалық талаптар: AVI, MP4 форматы.

2.«Сол күндердің ұмытылмас даңқы» номинациясы (Ұлы Отан соғысындағы естелік күндер туралы күнтізбе – презентация) бойынша электрондық презентация түрінде орындалған (Microsoft Power Point) жұмыстар қабылданады. Слайдтар саны 15 аспауы тиіс, тек қажетті талап - көлемі 10Мб болуы тиіс.

14. **Титул парағында** келесі мәліметті көрсету қажет: автор (толық Т.А.Ж. жасы);

білім беру ұйымы, аудан (қала/ауыл), облысы, e-mail; номинацияның аталуы;

15. **Критерийлер:**

байқаудың тақырыбына жұмыстың сәйкестігі;

авторлық идеяның түпнұсқалығы мен жаңашылдығы;

сюжеттің бір тұтастығы;

мазмұнының кративтілігі мен жаңашылдығы;
өзіндіктің шығармашылық көзқарас (операторлық жұмыс, дыбыстық безендіру, монтаж).

16. Жалпы талаптар: бөтен адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кез келген түрде кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

17. Байқауда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілерге алғыс хаттардың, қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.